

«8D02202 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін ұсынылған Жаксыбаева Анардың «Қазақстандағы исламға конверсиялану үдерісіне дінтанулық талдау (Алматы қаласы және Алматы облысы мысалдарында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 7.Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулерге жатады. «8D02202-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы. Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдығына сай келеді.

		ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы дінтану ғылымына өзіндік үлес қосады. Зерттеу жұмысында діни конверсия феноменінің зерттелу тарихы мен теориялық негіздері, Қазақстандағы исламға конверсиялану үдерістері мәселелеріне талдау жасалған. Зерттеудің жоспары, жүйесі, мазмұны, ғылыми деңгейі мен теориялық тұжырымдары диссертацияның маңыздылығын толыққанды ашады.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы дінтану ғылымына өзіндік үлес қосады. Зерттеу жұмысында діни конверсия феноменінің зерттелу тарихы мен теориялық негіздері, Қазақстандағы исламға конверсиялану үдерістері мәселелеріне талдау жасалған. Зерттеудің жоспары, жүйесі, мазмұны, ғылыми деңгейі мен теориялық тұжырымдары диссертацияның маңыздылығын толыққанды ашады.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Жұмыс ғылыми зерттеу талабына сай жазылған. Өрбір жасалған қорытындылар мен тұжырымдар, теориялық дәлелдер, тереңдетілген сұхбат пен жүргізілген бақылау нәтижелері негізінде алынған мұсылман болған тұлғалардың діни тәжірибелері автордың жеке ғылыми позициясын көрсетеді. Диссертациялық жұмысты дайындау барысында жарияланған ғылыми мақалалар мен конференцияда жасалған баяндамалардан ізденушінің жазу дағдыларының жоғары деңгейі анық байқалады.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация тақырыбының өзектілігі нақты сипатталған. Бұл Қазақстандағы исламға конверсиялану үдерісін жан-жақты зерттеуде айқындалады. Зерттеу жұмысында Қазіргі батыс ғылымы мен ислам ілімдері аясындағы «діни конверсия» ұғымдары салыстырмалы түрде талданып, өзіндік мағынасы мен ерекшеліктері ашылады. Диссертацияның мазмұны «Қазақстандағы исламға конверсиялану үдерісіне дінтанулық талдау (Алматы қаласы және Алматы облысы мысалдарында)»

	1) айқындайды;	диссертация тақырыбын толық айқындайды.
	2) ішінара айқындайды;	Диссертацияның әр тарауында зерттеулердің дәйекті жүйесі мен байланысты тұжырымдар арқылы Қазақстандағы исламға конверсиялану үдерісі тақырыбы кеңінен ашылады. Диссертация тақырыры өзекті, мақсат-міндеті айқын. Аталған жұмыс диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап береді.
	3) айқындамайды.	
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Жұмыстың құрылымындағы мақсат пен міндеттер, олардың диссертация мәтінде баяндалуына толық сәйкес және жеткілікті деңгейде ашылған.
	1) сәйкес келеді;	Диссертацияның ғылыми аппараты сауатты, ғылыми ұстанымдарға сай және жұмысты логикалық бірізді жазуға толық мүмкіндік береді. Ізденуші диссертациялық жұмыста алған қойған мақсат-міндеттеріне толық қол жеткізген, зерттеудің құрылымы үш тараудың мазмұнына сәйкес жинақталып көрсетілген.
	2) ішінара сәйкес келеді;	
	3) сәйкес келмейді.	
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыс 3 тараудан, тоғыз бөлімшеден тұрады. Бірінші тарауда діни конверсия феноменінің зерттелу тарихы мен ғалымдардың ұсынған пікірлеріне сүйене отырып, діни конверсия ұғымы мен оның теориялық негіздері, қазіргі батыс және ислам ғылымдарындағы діни конверсия ұғымы, діни конверсия және діни бірегейліктің өзара ықпалдастығы қарастырылады. Екінші тарауда ислам дінінің таралуы және арабтар мен түркі халықтарының ислам дінін қабылдау тарихы, Модернизация және секуляризация үдерістерінің Қазақстандағы діни конверсияға ықпалы, Қазіргі жаһандану контекстіндегі Еуропа мен Корея елдеріндегі діни конверсия
	1) толық байланысқан;	
	2) ішінара байланысқан;	
	3) байланыс жоқ.	

		үдерістері қарастырылса, ал үшінші тарауда сұхбат кезінде алынған респонденттер мәліметтеріне сүйене отырып, Ислам дінін ұстанушылардың мінез-құлықтық және әлеуметтік бейнесі жасалған. Диссертацияның құрылымындағы барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда байланысқан. Барлық бөлімдер өзара сабақтастықпен байланысып, жалпы жұмыстың құрылымындағы жүйелілік пен мазмұндылықты қамтамасыз еткен. Тақырыптың толықтай ғылыми талаптарға сай ашылуына мүмкіндік берген.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Ізденуші ұсынған ғылыми жаңалықтар жеткілікті дәйектеліп, оған дейінгі ғылыми шешімдермен салыстырмалы түрде талданып, өзіндік ғылыми бағыт, өзіндік көзқарас нақтыланып көрсетілген. Ғылыми нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі ізденушінің психология, әлеуметтану, философия, теология, мәдени антропология ғылымдары саласында діни конверсия бойынша орындалған шетелдік және отандық ғылыми еңбектерге талдау беруімен негізделеді.
	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелерге ішінара жаңа деп баға берілді. Өйткені ізденуші диссертациялық жұмысты жазу барысында діни конверсияға қатысты, оның зерттелу тарихына қатысты шетел ғалымдарының ой-тұжырымдарын мысал ретінде келтіре отырып, Қазақстандағы исламға конверсиялану үдерісінің табиғатын толыққанды ашуға тырысқан. Қазіргі ғылыми айналымдағы діни конверсия категориясының мағынасы исламдық ұғымдармен толықтырылып, мазмұндық ауқымы
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).

		кенейтілді. Диссертациялық зерттеуде алғаш рет діни конверсияның теориялық-методологиялық негіздері исламдағы дінді қабылдаудың практикалық көріністерімен сабақтастырылады. Жұмыстың ғылыми нәтижелер мен қағидағтары ішінара жаңа деуге болады. Ізденуші жұмыс барысында туындаған мәселелерде діни конверсия мәселесіне қатысты түрлі сала ғалымдарының ой-пікірін салыстыра отырып, дінтанулық тұрғыдан өзінше қорытындылауға ден қояды. Сондықтан, жұмыстың ғылыми нәтижесі толығымен жаңа деп бағалауға болады. Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік гуманитарлық ғылым бағытында орындалған. Техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы жоқ, сондықтан ішінара жаңа деп есептеуге болады. Ізденушінің ұсынған ғылыми нәтижелері мен өзіндік тұжырымдары еліміздегі дін саласындағы уәкілетті орган қызметкерлеріне діни саланы реттеу барысында ақпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде қолданылуы әбден мүмкін. Диссертация мазмұнындағы теориялық негіздер дінтануға қатысты әртүрлі зерттеулерде ғылыми білім ресурсы ретінде қажеттігі жұмыстың қолданбалы маңызын дәлелдейді.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік гуманитарлық ғылым бағытында орындалған. Техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы жоқ, сондықтан ішінара жаңа деп есептеуге болады. Ізденушінің ұсынған ғылыми нәтижелері мен өзіндік тұжырымдары еліміздегі дін саласындағы уәкілетті орган қызметкерлеріне діни саланы реттеу барысында ақпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде қолданылуы әбден мүмкін. Диссертация мазмұнындағы теориялық негіздер дінтануға қатысты әртүрлі зерттеулерде ғылыми білім ресурсы ретінде қажеттігі жұмыстың қолданбалы маңызын дәлелдейді.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және

		гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	7.1 Диссертация жұмысында зерттеуші айқындаған әр қағидат жеткілікті деңгейде дәлелденген. 7.2 Әр қағидат тривиалды емес саналады. Ізденуші қағидаттарды ерекше өзіндік тәсілмен, жан-жақты қарастырып, ұсынған. 7.3 Барынша жаңа. Автордың тақырыпқа қатысты ұсынған барлық қағидаттары бұрын ғылымда зерттелмеген мәселелерге арналған. Сондықтан да жұмыс нәтижелері жаңалығымен ерекшеленеді. Қазіргі қоғамдағы діни конверсияғы ұғымы, атап айтқанда, Қазақстандағы исламға конверсиялану үдерісі ғылыми тұрғыда жан-жақты талданған. Мұсылман болғандардың өмірінен түрлі мысалдар келтіре отырып, еліміздегі исламға конверсиялану үдерісі туралы мол ақпарат берілген. 7.4 Қағидаттардың қазіргі ғылым мен білімнің дамуында, әлеуметтік ортада қолдану бойынша «кең» деген баға берілді. Диссертацияның ғылыми нәтижелерін әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында, дін саласындағы уәкілетті орган қызметкерлеріне діни саланы реттеу барысында ақпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде қолданылады. Диссертацияның мазмұнындағы теориялық негіздер, дінтану және исламтану саласында студенттердің, магистранттардың, докторанттардың қазақ қоғамындағы дәстүрлі ислам феноменін зерттеуге қатысты фундаменталды білімін кеңейту мақсатында лекциялық курстарға теориялық
	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін	

	емес.	материалдар ретінде қолдануға болады.
	7.5 Мақалада дәлелденген бе?	7.5 Диссертацияда көрсетілген қағидаттар талапқа сәйкес ғылыми жарияланымдар ауқымында дәлелденген.
	1) иә; 2) жоқ	
	3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Иә, негізделген және нақты жазылған. Жұмысты орындау барысындағы әдістеме тұрғысынан автордың ғылыми кеңесшілер тарапынан жақсы кеңестер алғаны байқалып отыр. Ізденуші максаттар мен міндеттерге жүзеге асыру үшін Салыстырмалы әдіс, тарихи талдау, контент-талдау, құрылымдық-функциональдық тәсіл, тереңдетілген сұхбат әдісі сынды теориялық және әдістемелік тәсілдерді қолданған.
	1) иә; 2) жоқ.	
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Автордың компьютерлік тәсілдерді жақсы игергені, зерттеу нәтижелеріне қажетті мәліметтерді ұтымды түсіндірмелеу мен қорытындылауда жетістіктерге жеткені байқалады. Ғылыми нәтижелерді негізінен жақсы дәйектейді. Кейбір авторлардың нақты дәйексөздерін сыни түрде талдай біледі. Сондықтан бұл сала бойынша «иә» деген баға беруге әбден лайық деп ойлаймын.
	1) иә; 2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған	Диссертация жұмысында келтірілген ғылыми тұжырымдамалар, зерттеу кезеңдері жалпы діни конверсия тарихымен, қазақ халқының ислам дінін қабылдау эволюциясымен астасып жататыны байқалды. Автор өзінің теориялық ойларын барынша

		практикаға жақындатуға тырысады. Бұл әрекеттерге «иә» деген баға берілді.	
		(педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	
		1) иә;	
		2) жоқ.	
9	Практикалық құндылық қағидаты	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияда шетелдік және отандық авторлардың еңбектері кеңінен қолданылған. Автордың тақырыпқа қатысты шетелдік және отандық авторлардың көптеген еңбегін қамти алғаны байқалды. Диссертацияда келтірілген маңызды сілтемелер автордың еңбегіндегі ғылыми нәтижелерді дәйектеуге көмектесетінін байқауға болады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Жұмыста 157 ғылыми әдебиетке сілтеме жасалған. Барлық еңбек тақырыпта көтерілген мәселелерге қатысты. Ізденуші тақырыптың зерттелу деңгейін әр сала бойынша толық негіздеген.
		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызын жоғары деп бағалаймын. Жұмыста діни конверсия теорияларын салыстырмалы талдау негізінде қазіргі заманғы дін ауыстыруға ықпал ететін кешенді факторлар (адам құқықтары мен бостандықтары, плюралистік қоғамдағы діни нарық феномені, миграция) анықталған.
		2) жоқ.	Иә. Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар. Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары әрі мемлекеттің дін саласындағы саясатын жүзеге асыруда дінтанулық білім беру бағдарламаларын құруда басшылыққа алуға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	
		1) иә;	

	2) жоқ. 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстарды толығымен ішінара жаңа деуге болады. Өйткені диссертациялық жұмыста қазіргі Қазақстанда орын алған діни конверсия құбылысы мен оның дамуына ықпал ететін әлеуметтік-мәдени факторларды анықталған.
10	Жазу және ресімдеу сапасы Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Докторлық диссертация ғылыми стильде сауатты әрі жоғары деңгейде жазылған, техникалық жағынан дұрыс рәсімделген және мемлекеттік стандарттар қоятын талапқа сай келеді.
11	Диссертацияға ескертулер	Диссертацияның жоғары ғылыми деңгейін және автордың ұсынған қағидаларының маңыздылығын атап өткім келеді. Бұл жұмыс жаңа ғылыми талқылаулар мен тұжырымдарға жол ашатынын көрсетеді. Осы орайда, пікірталастарға негіз болатын келесі ұсыныстарды атап өтуді жөн деп санаймын: Біріншіден, ұсыныс сұхбат жүргізілген респонденттердің санына байланысты, 26 респонденттің мәліметтері терең талданғанымен, Қазақстан секілді этносаралық және конфессияаралық құрылымы күрделі мемлекет үшін мұндай іріктеме көлемі жеткіліксіз болуы ықтимал, болашақ зерттеулерде осы мәселені ескеру керек. Екіншіден, зерттеуде түрлі этностардың ислам дінін қабылдау үлерісі сипатталғанымен, кейбір тұжырымдарда ғылыми негізі жеткілікті түрде нақтыланбаған жалпылаулар мен бағалау сипатындағы пікірлер кездеседі. Атап айтқанда, «жаппай ұлтымен

		дін ауыстырған мемлекет» немесе «дінге жақын ұлт» сияқты тұжырымдар нақты деректермен расталмаған. Мұндай пікірлерді ғылыми бейтараптықты сақтай отырып, әлеуметтік ғылымдардың ұғымдық және әдіснамалық негіздеріне сай, дәл әрі байсалды тілмен айту ұсынылады. Десе де айтылған ұсыныстар мен ескертулер ізденушінің зерттеу жұмысын жазу барысында алға қойған мақсаты мен міндеттерінің орындалу нәтижесі мен мазмұнына нұқсан келтірмейді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда барлығы 7 ғылыми мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде 1 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасында, 2 мақала – отандық халықаралық конференцияларда, 1 мақала - шетелдік журналда 3 мақала – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда жарияланды. Бұл жарыққа шыққан мақалаларда діни конверсия ұғымына қатысты мәселелер жан-жақты қарастырылған.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	«8D02202-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жаксыбаева Анар Қанатқызының «Қазақстандағы исламға конверсиялану үдерісіне дінтанулық талдау (Алматы қаласы және Алматы облысы мысалдарында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы заманауи ғылым саласының қажеттіліктерін қанағаттандыратын, мән-мазмұны айқын ғылыми жұмыс саналады. Диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық құндылығы,

		жаңашылдығы, манызды нәтижелерін, жұмыстың ауқымын ескере отырып, Жаксыбаева Анар Қанатқызы «8D02202-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп есептеймін.
--	--	--

Ресми рецензент:

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАК

Дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы

Философия (PhD) докторы

Д.С.Утебаева

